



Рис. 2. Погребальные конструкции, вещевого и керамического материала комплекса Тамгалы: 2,9,10,13-15,20,22,23,25-33,35,40 - Тамгалы-I; 3,39,45,46,51 - Тамгалы-II; 4,5,11,12,16,24,34,36 - Тамгалы-IV; 1,6-8,17-19,21,37,38,41-44,47-50 - Тамгалы-VI. (4-51 – по Рогожинскому, 1999).

## МУЗЕЙ ІСІ

К. Н. Райымхан

### МУЗЕЙТАНУ - ҒЫЛЫМИ ПӘН РЕТІНДЕ

Музей – жалпы адамзат баласының өмірінде заттай және рухани мәдениетті танытуда, зерттеу мен насихаттауда үлкен роль атқарады. Әсіресе, ұлттық, тарихи, мәдени, азаматтық қалыпты, қоғамның әлеуметтік жетістіктерін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің ерекшеліктерін оқып үйренуде оның маңызы зор.

Музей ісі ғылымның, білім беру ісінің маңызды бір саласы. Музей қоғамдық институт ретінде атқаратын әлеуметтік функцияларын қоғамдық-экономикалық жағдайға, әлеуметтік-саяси, тарихи өзгерістерге сай жүргізеді. Музей саласындағы болып жатқан үрдістер, жаңалықтар, өзгерістер музейтану ғылымының дамуымен тығыз байланысты.

Музейтану саласы теориялық және методологиялық бағытта музей ісін дамытып, оның тарихи тәжірибесін жинақтайды. Ғылыми зерттеу мекемелерінің қатарында музейдің өз спецификалық ерекшеліктері бар. Музейдегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ғылыми кеңістіктегі жаңалықтарды толықтыра түсетін, басқа ғылыми салалар жүйесін кең пайдаланатын және қолданатын ғылыми мекеме.

Музейлерде ғылыми негізделген және жоспарлы түрде қорларды ұйымдастыру, музей заттарын сипаттау, өңдеу ғылыми зерттеу жұмысының негізі болып табылады. Ғылыми зерттеу нәтижелері консервация, реставрация, музей жәдігерлері мен коллекцияларын қорғау мен сақтау, экспозиция жұмысы, музейге келушілермен жұмыс, музейлердің мәдени-білім беру қызметі сияқты қызметтеріне негізделі отырып, музей жұмысының ғылыми дәрежесін, деңгейін анықтайды.

Музейдің ғылыми-зерттеу жұмыстары кешенді және көп қырлы болып табылады. Музей зерттеулерінің әдіс-тәсілдері музейтанулық, психологиялық, педагогикалық, социологиялық, тарих, қосалқы тарихи пәндер, деректану, этнографиялық, археологиялық, өнертану т.б. ғылыми салалардың зерттеулері аясына қарастырылады.

Әр музейдің ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыты музейдің қай бейіндік салаға (профильге) жататынына, музейдің қоғамдық-әлеуметтік институттар жүйесіндегі алатын орнына байланысты анықталады. Кез-келген

бейіндегі музей өзінің негізгі зерттеу методологиясы мен методтарын қолдану мен жетілдіруде ғылыми музейтанулық тұрғыдағы әлемдік музей ісіндегі қалыптасқан тәжірибелер мен принциптерді пайдаланады.

Барлық музей ісіне байланысты жинақталған тәжірибе мен музей ісінің мәселелерін көтеретін арнайы әдебиеттерде жарық көрген ғылыми білімдер жиынтығын «музейтану» деп атайды. Бұл термин XIX-шы ғасырдың екінші жартысында ғана пайда болғанмен, көптеген тілдерде ертеден орныға бастады. Ғылымда бұрынырақ қолданылған «музееография» деген термин музейлерге қатысты барлық шығармаларда қолданылып келсе, XX ғасырдың ортасынан бастап, тек музей ісін сипаттауға қолданылды. Музейлердің халықаралық кеңесінде музейтану ғылыми сала ретінде толық мақұлданды. 1977 жылы Кеңес Одағында өткен музей ісіне байланысты халықаралық конференцияда «Халықаралық музейтану комитеті» құрылады. Онда іргелі ғылыми-зерттеу еңбектерді жазуға арналған бағдарламалар қабылданып, музейтануды университеттерде оқытуға ұсыныс жасалады [1, 8-11].

Музейтану – қоғамдық ғылым, ол әлеуметтік ақпараттың таратылуын, сақталуын қамтамасыз ететін, музей жәдігерлері арқылы танымдық білім беріп, эмоциялық әсер қалдыратын, әртүрлі қоғамдық-экономикалық жағдайдағы әлеуметтік заңдылықтардың қарама-қайшылықтары мен заңдылықтарын музей ісі, музей жәдігері арқылы зерттеп, қоғамға ақпарат жеткізетін сала. Арнайы пән ретінде музейтану музей ісінің теориялық және ғылыми әдістемелік негіздерін жасайды, музей ісіндегі жинақталатын тарихи тәжірибені қорытындылайды. Музейтану пәні музей жәдігері, музей, музей ісі сияқты ұғымдардың негізінде зерттеледі. Чехословакия ғалымы И. Бенеш «музейтану – арнайы ұйымдастырылатын іс-әрекеттің жиынтығы және сол арқылы музейдің әлеуметтік функцияларын атқаруы» деп анықтама беріп, музей жәдігерін «музей ісінің негізгі қозғаушы күші» деп қарастырды. З.Странский музей ісіндегі құжаттарды жинауға, музей жәдігерлерін, музейлік түп деректерді зерттеуге көңіл бөле отырып, музейге

деген «адамның қарым-қатынасына, көзқарасына аса ден» қоюға шақырды.

Музейтанудың ғылыми статусы ең алғаш рет 1883 жылы атақты Дрезден музейінің директоры доктор Дж. Грассеннің есімімен байланысты туындады. «Журнал по музеологии и антиквароведению» атты басылымда жарық көрген мақаласында ол музейдің білім саласындағы зерттеу мүмкіншілігіне назар аударып, ең алғаш рет музейтануды ғылыми пән ретінде ұсынуға талпыныс жасады. Мақала «Музей ілімі ғылым ретінде» деп аталды. Музейтанушылар жалпы музейтану ғылымының даму кезеңдерін әр түрлі схемада көрсетеді. Ең алғашқы музейтану ғылымының пайда болуының алғашқы қадамдары «ғылымға дейінгі» даму кезеңі деп есептеледі.

Адамзат баласының мәдениетінің арнайы саласы ретінде музей қызметі туралы пікірлер Ренессанс дәуірі кезеңінде қалыптаса бастады. Ең алғашқы музей ілімін қалыптастыра бастаған еңбек ретінде С.фон. Кичбергтің 1656 жылы Мюнхенде шыққан еңбегін атап өтуге болады. Одан соң 1674 жылы И.Д.Майордың, 177-27 жылғы Дж. Ф. Никелиустің «Музеография или руководство к правильному пониманию и полезному учреждению музеорума, или раритет камеры» атты еңбегі ғылыми кеңістікке алғаш рет «музеография» терминін енгізіп, музей типтерін сыныптауды ұсынды.

Музейтану ғылымының дамуының екінші кезеңі XVII ғ.соңы мен XX ғасырдың басы. 1870 жылдардан бастап музейлік басылымдар жарық көре бастады. Бұл басылымдарда музей ісі туралы, оның қоғамдағы мәні мен қолданысы, ұлттық музейлердің жай-күйі туралы пікірлер жариялана бастады. Ең алғашқы музейлік жобаларды ұсынған XIX-шы ғасырдың бірінші жартысында атақты «Румянцев кружоғының» мүшелері Ф.П. Аделунг пен Б.-Г. Вихман болды [2, 14].

XIX ғасырдың аяғында орыс ғалымы Н.Ф. Федоров өз еңбектерінде музейдің даму концепцияларына тоқталды. Оның «Музей, его смысл и назначение», «Выставка 1889 года...» мақалалары музей ісіне қатысты өзекті мәселелерді көтерген және талқылаған маңызды еңбектер болды.

XX ғасырдың 20-жылдары музейтану концепциялары қолданбалы сипатта болды. Музейтану ілімінің теориялық тұрғыдан дамуына кеңес дәуірінің музейтанушылары Г.Л. Малицкий, Н.И. Романов, Ф.И. Шмид, И.Э. Грабарь, А.У. Зеленко сияқты ғалымдар үлес қосты. Әсіресе Ф.И. Шмидтің еңбектері музейлердің типологиясы, музей экспозициясы туралы

ұғымдарды қалыптастыруға жақсы ықпал етті. Осы жылдары музей ісі, музейтану мәселелері әр түрлі деңгейдегі конференцияларда кеңінен талқылана бастады. Алайда, осы кезеңнің қатал идеологиялық үстемдігі музей ісінің теориялық тұрғыдан дамуына кері әсерін тигізді. Музей ісі нұсқаулар мен қаулылардың аясынан шыға алмай, функциялық шеңбері тарылып қалды.

Музейтанудың ғылыми пән ретінде қалыптасуына үлес қосқан шетелдік музейтанушылардың қатарында И.Бенеш, И.Неустпный, В. Хербст,

К. Шрайнер, В. Глузинский, З. Жигульский сияқты зерттеушілер болды. Әсіресе, Чехия ғалымы З. Странский музейтанудың дербес ғылыми пән екенін дәлелдеп, «музейлік қажеттілік», «музейлік құндылық», «музейлік» сияқты музейтанудағы негізгі ұғымдарды енгізді. Оның қызметінің арқасында Чехословакия «Музейтану» пәнін алғаш рет ғылыми пән ретінде тіркеген ел болды.

Кеңес дәуірі кезеңінің музейтануды ғылыми пән ретінде қалыптасуына көп еңбек сіңірген ғалым А.М. Разгон. Оның «К вопросу об изучении музейных коллекций», «Музейный предмет как исторический источник», Место музеведения в системе наук» сияқты еңбектері теориялық мәселерді көтерген өте құнды еңбектер болып табылады.

Музейтанудың 1960-80 жылдары дамуына орыс ғалымдары А.Б. Закс, С.А. Каспаринская, А. Михайловская, Д.А. Равикович сияқты ғалымдар көп үлес қосты. XX –шы ғасырдың 90-шы жылдары музей ісінің, теориясының жаңа технологиялар ене бастаған, жаңа талаптар қойыла бастаған заманы болды.

Музейтанудың ең басты бағыттарының бірі-ғылыми-зерттеу жұмыстары. Музейлік зерттеулер музейлік заттарды жинақтау, сақтау, өңдеу сияқты салаларда жаңа білімді, ақпаратты алу мақсатында жүргізіледі. Музей саласындағы зерттеулердің бағыттарына: музейдің ғылыми концепциясын жасау, музей қорын ғылыми жинақтау, музей заттары мен коллекцияларын зерттеу, экспозиция мен көрмелерді ғылыми жобалау, музей ісінің тарихын зерттеу, музейтанудың тарихнамасын зерделеу болып табылады. Музейдің ғылыми концепциясын жасау жинақтаудың тақырыптарын терең ойластыру, негіздеу, бағыт-бағдарын анықтау болып табылады. Жинақтаудың ғылыми концепциясы бірнеше кешенді жұмыстардан тұрады. Оған музейдегі жинақталған қордың құрылымы мен мазмұнын бағалау, қордағы заттардың толықтығы мен деңгейін анықтау, коллекцияны толықтыру үшін бағыты мен сипатын анықтау,

музейдің алдында тұрған мақсат-міндеттерге сай материалдарды сұрыптау, таңдау мәселелерін қарастыру, құжаттарда жазылған ақпаратты талдау, сұрыптау, музей қорындағы заттардың каталогтар жүйесін жасау кіреді [3,354].

Жинақтаудағы ғылыми-зерттеу жұмысының ең басты нәтижесі - музей коллекциясын толықтыру және құру болады. Жұмыс нәтижелері бойынша ғылыми есептер жазылады, көрмелер ұйымдастырылады, каталогтар жасалады, мақалалар мен монографиялар жазылады.

Музей коллекциялары мен жәдігерлерін жан-жақты зерттеу оларды ғылыми айналымға енгізудің негізгі талабы. Әсіресе, деректік талдау кезінде музей жәдігерлерінен жаңа мәліметтер алынады. Қоғамдағы үрдістерді, құбылыстарды, заңдылықтарды толықтай түсіну үшін алынған ақпараттың беретіні өте мол. Музейлік құндылық тек заттың ғылымилығымен ғана емес, одан да кеңірек тарихи, өнерлік, эстетикалық, мемориалдық, коммуникативтік жақтарымен мәнді болып келеді. Музей жәдігерлерін зерттеу осылар туралы ақпараттың бүкіл кешенді тұстарын қамтуға бағытталады. Музей жәдігерлерін сақтау мен қалпына келтіру музей жәдігерлерін физикалық жағынан сақтауға арналған. Музей заттарын сақтау мен қалпына келтіру ісі арнайы мамандандырылған мамандар - реставраторлар, препаратторлар, таксидермитер жұмыс істегенде ғана жоғары деңгейде жүзеге асырылады. Қазақстан музейлерінде бұл мамандықтың иелері дайындалмайды және де мамандар өте аз мөлшерде. Техникалық және кадрлық мәселелерді шешу әрбір музейдің жәдігерлерінің өмірін сақтауда, табиғи ескіруден сақтауға мол үлес қосады. Соңғы жылдары музей жәдігерлерін консервациялау мен реставрациялау ісі ілгері дамыды. Консервация заттардың ұзақ уақыт сақталуын қамтамасыз етсе, реставрация бұзылған, бүлінген заттарды қалпына келтірумен айналысады. Химия, физика, биология, металл тану (металловедение) және басқа да жаратылыстану салаларының әдістерін пайдалана отырып әр түрлі музей жәдігерлеріне жарық, температура, ылғалдық, ауа сияқты сыртқы факторлардың әсерінен сақтауды қамтамасыз ету әдістерін жетілдіруді қарастырады. Бұл әдістер музей жәдігерлерін қорда, экспозицияда, тасымалдауда т.б. жағдайларда қолдана білуді және жетілдіруді зерттейді [10,19-29].

Музейлік коммуникация педагогика, психология, социология ғылымының аспектілеріне негізделі отырып зерттеледі. Музей жәдігерлері экспозиция арқылы көрсетілетіндіктен, экспозицияның ғылыми негізін жасау да музейдің өте маңызды саласы болып табылады. Көптеген

музейлер белгілі бір ғылыми мекемелердің, институттардың, ғылым Академияларының құрамдас бөлігі ретінде сол ұйымның құрылымына кіреді. Оған Қазақстандағы Ғылым Академиясының археология институтының музейі мысал.

Музей жұмысын жоспарлауда ғылыми-зерттеу ісін перспективалық тұрғыдан жоспарлаудың маңызы зор. Зерттеулерде логикалық жүйе мен жалғастық болу үшін бірнеше жылға созылған жоспарларды жүзеге асырудың маңызы зор. Мұндай жоспарлар жүйелілікті, тақырып тұрақтылығын, ғылыми қызметкерлердің кәсіби деңгейінің үнемі жоғарылап отырылуын қамтамасыз етеді. Әрине, бұл арада музей жобаларының қаражаттық қамтамасыз етілуі де маңызды. Басқа да музейлермен келісімді түрде, бірлескен зерттеулер жүргізу тақырыптардың жан-жақты және қайталанбай зерттелуіне жағдай жасайды [12,55-60].

Музейдің ғылыми-зерттеу жұмысында конференциялар ұйымдастыру, дөңгелек столдар, ғылыми мәжілістер, ғылыми экспедициялар ұйымдастырудың маңызы өте зор. Мысалы: «Народы мира» атты көптомдық этнографиялық очерктерді шығаруға Ресейдің ұлы Петр атындағы «Антропология және этнография» музейі, Ресейлік этнография музейінің қызметкерлері ат салысты. Ресейдің өнертану бағытындағы музей қызметкерлері көптомды «История русского искусства» және «Всеобщей истории искусства» атты еңбектерді дайындады. Бұл еңбектер осы уақытқа дейін гуманитарлық саладағы құнды іргелі еңбектер қатарында саналады.

Өлемдік ірі музейлерде ғылыми-зерттеу орталықтары жұмысы туралы да мысалдар жеткілікті. 1931 жылы Лувр коллекциясын зерттеу үшін ғылыми-зерттеу лаборатория ашылды. Бұл лаборатория қазір Франция музейлерінің ғылыми-зерттеу лабораториясы деп аталады. Онда радиография, микроскопия, фотографирование т.с.с. әдіс-тәсілдер көмегімен зерттеулер жүргізіледі [3,360-363].

1873 жылы Ресейде қабылданған «Общие основания музея» атты құжатта музейдің мақсаты-«служить наглядной историей» делінген, яғни музейлердегі жиналған ескерткіштер: діни, құқықтық, ғылыми, әдеби, өнер, тұрмыс, саясат, тарих т.б. салалардың ескерткіштері арқылы мемлекеттің толық тарихының кезеңдерін көрсететін куәгерлер, тарихи-мәдени дерек ретінде қызмет етеді және осы тұрғыдан зерттеледі.

Музейтану ғылымының негізгі ғылыми пән ретіндегі сипаттық белгілеріне: пәннің зерттеу нысанының болуы, әдістері мен ғылыми тілі, пәндік құрылымы мен құрамының барлығы жа-

тады. Бұл белгілердің анықтаушы әрбір музейдің қалыптасқан дәстүрлеріне, ерекшеліктеріне, музей ісінің даму деңгейіне, музейдің қоғамның әлеуметтік-мәдени өміріне араласу мүмкіншілігіне байланысты. 1950 жылдары И. Неуступный музейтануды «жалпы» және «арнайы» деп бөлуді ұсынды. Бұл жерде арнайы музейтану нақты музейтану нысандарын қарастырады да, бейінді пәндермен тығыз байланыста болады. Ол «тарихи музейлер адамзат қоғамының даму үрдістерінің нысанын зерттеп, құжаттайды, өнертану бағытындағы музейлер өнертану туындылары мен олардың коллекцияларын, жаратылыстану саласы бойынша музейлер табиғи заттар мен табиғат нысандарын зерттеуге бағытталады» деп тұжырымдады. Музейдің бағытынан тыс, жалпы барлық музейлерге, музей заттарына, музей ісіне қатысты қатысты ортақ заңдылықтар мен талаптар бар. Осы заңдылықтарды жалпы музейтану қарастырады.

Жалпы музейтанудың З. Странский жасап, 1988 жылы жарияланған, кең қолданыстағы құрылымы бар. Онда музейтанудың құрамдас бөлігі тарих, теория, музейлік деректану, қолданбалы музейден тұрады. Музейлік теорияның басты міндеті музейдің әлеуметтік функциясын, тіпті бүгінгі ұғыммен айтсақ қазіргі әлемдегі музей миссиясын анықтау. Музей миссиясы – тарихи-мәдени мұраның барлық элементтерін сақтау арқылы өткен мен болашақ мәдениеттің дамуы мен таралуын қамтамасыз ету. Әлеуметтік тапсырысты, әлеуметтік қажеттілікті өтеуді қамтамасыз ету де музейдің міндетіне жатады. Әдетте музейдегі әлеуметтік функцияларды құжаттау және білім-тәрбие беру деп бөледі. А.М. Разгон еңбектерінде төрт түрлі функцияларға бөлді. Оған: құжаттау, қорғау, зерттеу, біліммен тәрбие беруді жатқызды. Көптеген зерттеушілер бұған қоса, аксиологиялық(қоғамда белгілі бір құндылықтарды, олардың өлшемдері мен талаптарын көрсететін), эстетикалық, ақпараттық, жеке адамды әлеуметтендіретін функцияларды қарастырады. 1980 жылдары ИКОМ-ның анықтамасымен музейдің әлеуметтік функцияларына сақтау, экспозициялау, тәрбиелеу, оқыту және лаззат алу(наслаждение) ендірілді [2, 20-25].

Музейтанудың ең басты әдістері әр түрлі музейлік тәсілдердің позицияларының жиынтығынан тұрады. Музейлік зерттеулердің теориялық позицияларына қарай нысандық, институционалдық, коммуникациондық, тілдік тәсілдері қалыптасқан. Музейтанудағы тілдік тәсіл 1930 жылдардағы музейлік ой-пікірлерден бастау алады. Оның алғашқы жақтаушысы Н.А.Никишин болды. Зерттеуші музей заттарын

белгі(знак)ретінде қарастыруды ұсына отырып, музейтанудың құрылымын осы жағдаймен орайластырады.

Музейлік өзекті зерттеулерге музейлік тілдің ішкі ұйымдастырылуын қосады. Оған қор жұмысының теориясы (музейлік лексикология), музей атрибуциясының теориясы (музейлік семантика), экспозиция жасау теориясы (музейлік грамматика), экспозициялық жанрлар теориясы (музейлік стилистика) және т.б. жатады. Музей тілі автор тұрғысынан «носитель особого вида социокультурной информации, инструмент познания и регулятор поведения» деп түсіндіріліп, музей тілін «әлеуметтік-мәдени ақпарат берудің ерекше түрі», «танымдық инструменті», «мінез-құлық бағыттаушысы» деп аса үлкен баға берілді.

Музейдегі коммуникациондық бағыттың негізгі жетістігі - адамның музейге қарым-қатынасы мен керісінше, музейдің қоғам мен адамға деген қарым-қатынасының қалыптасуы мен дамуы. Институционалды тәсілдің негізі музейдің әлеуметтік институт екендігінде. Музей заты, музей ісі мен қызметі музейтанулық зерттеу нысанының басты объектілері болып табылады. Музейтанулық зерттеулердің негізгі максаты осы аталған тәсілдер мен бағыттарды кешенді түрде пайдалана білу. З. Странский мен А.М. Разгон зерттеу объектісі ретінде арнайы музейлік заңдылықтарды, музей жәдігерлері қатысатын барлық процесстерді, музейдің қоғамдық, әлеуметтік атқарушы ролін негізін басты күш ретінде қарастыруды ұсынды.

Сөйтіп, сақтау, әлеуметтік маңызды ақпаратты жеткізу (трансляция) мен тарату, музейлік жәдігерлер мен объектілер арқылы сезім тола берілетін образдар мен дәстүрлердің нәтижесінде пайда болатын, музейдің қалыптасуы мен дамуындағы объективтік заңдылықтардың ерекше жиынтығын музейдің зерттеу нысаны деп анықтаймыз.

Әлемдік деңгейде жасалған тәжірибелердің барына қарамастан, осы уақытқа дейін ғылымда музейтанудың ғылыми пән екені сұрақ тудырып келе жатқан мәселе. Сол себепті музейлерде ғылыми-зерттеу орталықтарын ұйымдастырудың, лабораториялар ашудың маңызы музейлік теория мен практиканың жан-жақты, ғылыми дамуына кең ықпал жасайтыны сөзсіз.

Ресейдің Эрмитаж, Мемлекеттік тарихи музейі, Ресей этнографиялық музейі, бұрынғы ССРО халықтарының музейі, қазіргі «Бірінші Петрдің кунсткамерасы» деп аталып жүрген музейлер әлемде аса беделді ғылыми-зерттеу мекемелері ретінде таныс. Бұл музейлерде мамандандырылған ғылыми кеңестер жұмыс іс-

тейді. Музей қызметкерлерінің дені ғылым докторлары мен кандидаттары. Бұл музейлердегі ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарих, мәдениет саласындағы зерттеулер, музей ісі бойынша зерттеулер, музей жәдігерлерін жүйелеу, атрибуциялау, реставрациялау және консервациялау, паспортизация мен каталогизация, музей заттарын ғылыми сипаттау, жинақтау, жолкөрсеткіш, проспектілер, карталар, каталогтар, тақырыптық картотека мен сөздіктер даярлау, ғылыми мақалалар, монографиялар, ғылыми баяндамалар, тарихи анықтамалар, комментарийлер, ғылыми концепциялар дайындау, тематикалық-экспозициялық жоспарлар жасау, нұсқаулар мен ақыл-кеңестер даярлау, архивтік, экспедициялық ізденістер ұйымдастыру, ғылыми есептерді даярлау, эксперттік, бағалау, диссертациялар даярлау жұмыстары т.с.с кең көлемді қамтиды/13/.

Музейлердегі ғылыми-зерттеу қызметінің күшеюі, музей ісінің ғылыми теориялық тұрғыдан дамуы «музейтану» пәнінің ғылыми деңгейін көтере түсетіні сөзсіз.

Музей қызметкері үшін музейлік специфика басты назарда тұрады. Музей қызметкерлері тарихшы, өнертанушы, археолог т.с.с мамандықтары бар категорияларға бөлінеді. Сондықтан музей ісінде көптеген ғылыми салалардың негіздеріне сүйене отырып, музейлік ғылыми – зерттеу жұмысында музейлік аспектілер мен ерекшеліктері міндетті түрде орын алады. Тарихи зерттеулерге қарағанда музейлік зерттеулерде ғылым мен музейдің ағартушылық, білім беру функциясы қатар жүріп отырады. Терең ғылыми зерттеулер мен білім беру, насихаттауды, музей жәдігерлерін сақтау мен қорғауды қатар алып жүру музей ісінің негізі болып

табылады. Музей көбінесе түпнұсқа заттармен жұмыс істейді. Бұл музей үшін басты ереже.

1. Музееведение. Музеи исторического профиля: Учебное пособие для вузов по спец. «История»/ под.ред. К.Г. Левыкина. В. Хербста. - М.:Высшая школа., 1988. -431 стр.
2. Основы музееведения: Учебное пособие / Отв.Ред. Э.А.Шулепова.- М.: Едиториал УРСС, 2005.-504с.
3. Юрьева Т.Ю. Музееведение.Учебник для высшей школы.- 2-е издание.-М.: Академический Проект, 2004.-560с.
4. Ю.А. Старикова. Музееведение. Конспект лекций.- М.: Приор-издат, 2006.-128с.
5. Тверская Д.И. Музей как научно-исследовательское учреждение// Музей-культура, общество: Сб. Науч.тр./ ЦМР.М., 1992
6. Научно-исследовательская работа музеев РСФСР. Методические рекомендаций. М., 1985
7. Ковальченко. И.Д. Методы исторического исследования. М.-1980.
8. Фарсоби В.В. Источниковедение и его метод: опыт анализа и его терминологии.-М.,1983
9. Н. Әлімбаев. Музей –не застывшая форма// Казахстанская правда. От 10.02.2006г. №17
10. Райымхан К.Н., Қатран Д. Музей ісінің теориясы мен практикасы. Алматы, 2002ж.
11. Музееведение. Вопросы теории и методики: Сб. научн.тр. М., 1987
12. Барри Лорд., Гэйл Д.Лорд. Менеджмент в музейном деле. Учебное пособие. Перевод с англ. Э.Н.Гусинского и Ю.А. Турчаниновой. Под ред. А.Б. Голубовского.М «Логос»,2002, с.254
13. Положение о научно-исследовательской работе Государственного Исторического музея РФ от 1. июля 1994г. №831

\*\*\*

В статье рассматриваются функции музееведения как научной дисциплины, различные аспекты музеевческой исследовательской работы

\*\*\*

The article examines functions of museum management studies as a scientific discipline, different aspects of museum management studies research.

**В. Н. Алиясова**

## **К ИСТОРИИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ КРАЕВЕДЧЕСКИХ МУЗЕЕВ В СЕВЕРНОМ И ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ**

Началом зарождения краеведческого движения в Северном и Восточном Казахстане было освоение и изучение этой территории ещё в XVIII-XIX веках.

Создание в конце XIX века в Омске и Семипалатинске отделов Русского Географического Общества, появление первых печатных изданий, открытие статистических комитетов